

ББ 6В07131 – Машина жасаудағы дизайн және технологиялар

Білім беру бағдарламасының мақсаты - Инновациялық технологиялық және дизайнерлік шешімдерді әзірлеуге және енгізуге, машина жасауды, қоғамның әлеуметтік-экономикалық және экологиялық дамуын тұрақты дамытуға бағытталған аддитивті, ғылыми және ресурс үнемдейтін технологияларды қолдануға қабілетті, білікті және еңбек нарығында сұранысқа ие мамандар даярлау.

Даму жоспары

1. Оқу жоспарын жаңарту және дамыту:
 - Өнеркәсіптік дизайнға, 3D-модельдеу, аддитивті технологияларға баса назар аударатырып, пәндерді жаңарту.
 - Тұрақты дизайн, жаңа материалдар материалтануы, экологиялық инженерия бойынша курстарды енгізу.
 - Сандық құзыреттерді дамыту: CAD/CAM/CAE-жүйелер, жобалаудағы VR/AR, сандық қосарланушылар.
2. Кадрлық әлеуетті дамыту
 - Цифрлық өндіріс және дизайн саласындағы оқытушылардың біліктілігін арттыру.
 - Тәжірибелі дизайнерлерді, инженерлерді және сала бойынша өкілдерін тарту.
3. Инфрақұрылым және цифрландыру
 - Зертханаларды заманауи өндірістік жабдықтармен жабдықтау: 3D принтерлермен, СББ станоктарымен, сканерлермен.
4. Индустриямен байланыс және халықаралық ынтымақтастық
 - Қос дипломдар мен халықаралық тағылымдамалар бағдарламаларын әзірлеу.
 - Өндірістермен бірлесіп студенттердің ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жобаларға қатысуы.

ББ дамыту тиімділігін бағалау

- Түлектердің жұмысқа орналасуы мен мансаптық өсуін талдау.
- Жұмыс берушілердің пікірлері.
- Студенттік жобаларды жүзеге асырылуы және енгізу деңгейі.
- Студенттердің халықаралық және жоғары оқу орындар арасындағы іс-шараларға қатысу белсенділігі.

"Машина жасаудағы дизайн және технологиялар" ББ бірегейлігі

1. Дизайн мен технологияны біріктіру

Дизайн мен технологияны біріктіру

Бағдарлама түлектерде функционалдық ғана емес, эстетикалық жағынан да тартымды, бәсекеге қабілетті бұйымдар жасау қабілетін қалыптастыра отырып, инженерлік жобалау мен өнеркәсіптік дизайнды біріктіріп отырады.

2. Практикалық бағыттылық және креативті ойлау

Оқыту өнімді кастомизациялау дәуірінде ерекше маңызды **шығармашылық ойлауды** дамытуға баса назар аударатырып, нақты тапсырысқа бағытталған жобалық қызмет қағидаттарына негізделеді.

3. Заманауи өндірістік технологиялар

Аддитивті технологияларды, СББ, CAD/CAM/CAE жүйелерін, сандық қосарларды және Индустрияның 4.0 басқа да элементтерін белсенді пайдалану студенттерге оқыту барысында озық құралдармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

4. Тұрақты даму - негіз ретінде

Бағдарлама студенттерді Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) сәйкес келетін машина жасауда **қор үнемдейтін және экологиялық қауіпсіз шешімдерді әзірлеуге** бағыттай отырып, экологиялық және әлеуметтік сананы қалыптастырады.

5. Пәнаралық байланыс

Механика, материалтану, дизайн, экология және экономиканы пәндерінің біріктірілуі түлектерге түрлі кәсіби міндеттер мен қызмет салаларына бағыт алуға және бейімделуге мүмкіндік береді.

6. Еңбек нарығындағы сұраныс пен икемділік

Түлектер өнеркәсіптік дизайн саласында да, машина жасау кәсіпорындарының инженерлік қызметтерінде де жұмыс істей алады "**дайын өнімдерді**" жасап - идеядан технология жағынан іске асырылғанға дейін.

7. Болашақтың технологиялары

Бағдарлама студенттерді **инновациялық жобалау, иммерсивті технологияларды (AR/VR)** пайдалану және жасанды интеллект жүйелерімен өзара іс-қимыл жасау дағдыларын қалыптастыра отырып, өндірістің цифрлық трансформациясы жағдайында жұмыс істеуге дайындайды.